



ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дін, азаматтық өмір және азаматтық
бағынбаушылық. Этика, дін және
Құдай бұйрығы теориясы



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

Билік және философиялық еркіндік мәселесі

Философиялық еркіндік билікпен, әсіресе, діни билікпен арадағы текетірестерге алып келуі мүмкін. Америкалық революционерлер бостандық үшін күресіп жатқан кезге тұспа-тұс уақытта неміс философы Иммануил Кант ағартушылыққа еркіндік ұғымдарына арқа сүйей отырып, анықтама берді. Оның ойынша, бізге пікір таластыру еркіндігі беріліп, біз қоғамды жетілдіру амалдарын ойлап табу үшін осы еркіндікті пайдалануға жеткілікті жігерлі болғанда, прогресс жүзеге асады. Кант былай деп жазды:



Иммануил Кант (1724-1804 жж.) – неміс философы, Ағартушылық пен романтизм дәуірлерінің тоғысқан тұсындағы неміс классикалық философиясының негізін қалаушы.

Ағартушылық – адам баласын жетілмегендік кезеңнен шығарар жол. Мұндай жетілмегендік дегеніміз – басқа біреудің нұсқауынсыз өз түсінігінді пайдалануға қабілетсіз болу. Осы жетілмегендіктің себебі түсінудің болмауы емес, оны басқа біреудің нұсқауынсыз пайдалануға жетерлік батылдық пен жігерліліктің жетіспеуіне байланысты болғанда, ол өздігінен пайда болады. Демек, Ағартушылықтың ұраны: «Білу үшін батыл бол!» немесе «Өз түсінігіңізді пайдалану үшін батыл болыңыз!» дегенді білдіреді.

Кант тарих космополиттік бағытта дамиды, ал еуропалық халықтар ортақ моральдық идеяларға негізделген конфедерация құрады деп сенді. Бұл федерация – Біріккен Ұлттар Ұйымының дамуына бастау болатын идея – мәңгі бейбітшілікті қамтамасыз етеді. Канттың идеясын, ақыры, қабыл алу үшін Еуропа мен қалған әлемге соғыстар мен азаптануға толы ұзаққа созылған екі ғасыр қажет болды. Бүкіл әлем бойынша сақталып келе жатқан мәдени және діни қайшылықтарды ескеретін болсақ, бұл идея әлде де біраз аңғырт болып көрінеді.

Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық

Сократ сияқты, Кант та мораль, саясат және дін туралы жариялы пікірталастар арқылы бірте-бірте реформа жасағанды құп көрді. Мұндай философиялық ұстаным құлдық, басыбайлылық құқық, колониализм және апартеид немесе нәсілдік оқшаулау сияқты қалыптасып кеткен және қуатты әділетсіз жүйелерге тап болғанда, аңғырт, аңқау, тіпті, орынсыз болып көрінуі мүмкін. Ал, егер билеушілер өздері билейтіндердің пікіріне құлақ асуға қызығушылық танытпайтын болса, қалай?

Канттан кейінгі Генри Дэвид Тородан бастап, Мохандас Ганди мен Мартин Лютер Кинг-Кішіге дейінгі көптеген ойшылдар мен қоғамдық қайраткерлер әділетсіз жүйеге ымырасыз қарсыласу жай ғана аргумент келтіруден артық бірденені талап етеді деген тұжырымға келді. Режимді немесе қоғамдық тәртіпті зорлықпен бұзуды қолдаудың орнына бұл ойшылдар азаматтық бағынбаушылыққа, жазаға көну ниетімен әділетсіз заңға бағынудан ашық түрде зорлық-зомбылықсыз бас тартуға, жалпы қоғамның ар-ұятын оятуға шақырды. Кинг өзінің зорлық-зомбылықсыз азаматтық бағынбау туралы идеяларын Үндістанның егемендігі үшін күресудің амалы ретінде ахимсаны немесе бейзорлықты алға тартқан үнділік саяси қайраткер және діни көшбасшы Гандидің көзқарастарынан өрбітті.



Мартин Лютер Кинг – кіші (1929-1968 жж.) – америкалық баптистік уағызшы, қоғамдық қайраткер және 1954-68жж. аралығында қара нәсілділердің азаматтық құқықтары үшін қозғалыстың ең көрнекі өкілі және көшбасшысы болған белсенді. Кинг өзінің христиандық сенімдері мен Махатма Гандидің зорлықсыз активизмінен шабыттана отырып, зорлықсыз және азаматтық бағынбаушылық көмегімен азаматтық құқықтарды қорғаушы ретінде танымал.

Сонымен бірге Кинг Иса мен Сократтың үлгілеріне қарап шабыттанды. Кинг өзінің «Бирмингем түрмесіндегі хатында» Сократ пен басқа философтарды қоғам ішіндегі қайшылықтар мәселесін зорлық-



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

зомбылықсыз көтеретін бөгелектер деп атады. Кинг заманында бұл қайшылықтар нәсілдік әділетсіздікке көп байланысты болатын. Белгілі бір мағынада Кинг - Ағартушылық арманының мұрагері, оның арқасында жеке-дара адамдар мен қоғамдар рационал ізденіс арқылы моральдық кемелділікке қолжеткізуге талпынады. Сократ сияқты, Кинг әділетсіздікке қарсы тұру құралы ретінде қалыптасқан догмаларға логикалық даулауға сенеді. Әрі, Кант сияқты, Кинг өз әрекеттерін универсал әділдікті іздеу сияқты анық космополиттік терминдер аясында қарастарады Бірақ Кинг философиялық сынды зорлық-зомбылықсыз азаматтық бағынбаушылықпен үйлестіреді. Алайда, зорлықсыз азаматтық бағынбаушылықтың жақтастары қолданыстағы дәстүрлер мен институттарды сынға ала отырып, осы дәстүрлер мен институттарға қатысты адалдықты да білдіретінін атап өткен жөн: олар заңды бұзып, жазасын өтейді де, мұны жүйедегі әділетсіздік пен жөнсіздікті көрсету амалы ретінде қолданады. Азаматтық құқықтар қозғалысының сыни ұстанымы мен азаматтық бағынбаушылығы тек жағымсыз сипатта ғана болған жоқ. Ол америкалық саяси, моральдық және діни идеологияның моральдық идеалдарына адалдық таныта отырып, Құрама Штаттарына түбегейлі құжаттарда қамтылған барлық уәделерді іске асыруға көмектесуді көздейтін жағымды мақсатты алға қойды.

Философиялық ізденіс және діни дәстүрлер мен институттар арасындағы байланысты қарастырғанда осы соңғы мәселені ескерген ерекше маңызды. Кейде емін-еркін философиялық сынға дін, әсіресе, еркіндікті Құдайдың өміріне сай шектегісі келетін діни сенімдер формалары ең басты кедергі болып көрінуі мүмкін. Моральға келетін болсақ, көбіне Құдай бұйрықтарына, оның заңдарына, оның пайғамбарлары мен дінді қорғау және тарату үшін құрылған институттарға бағыну қажет деп саналады. Оған қоса, философия дінді басты орынға қоятын дүниетанымға берер ештеңесі жоқ, киелі нәрселерге қызығушылық танытпайтын және адам өмірін тек зайырлылық тұрғысында ғана қарастыратын сияқты болып көрінуі мүмкін. Бұл жерде айта кетейін, жақында мыңға жуық философтар арасында жүргізілген сауалнама аясында сұралған философтардың 15%-ы теизмді, яғни, Құдайдың немесе құдайлардың бар екендігіне сенуді қоштайтынын немесе оған жақын екенін айтып, ал 73%-ы атеизмді құп көретінін немесе оған бейім екенін көрсетті.

Бірақ философия мен дін арасындағы осыншама тіке кереғарлық осы екі пәннің адамзат тарихының басым бөлігі барысында тығыз байланысты немесе тіпті ажырамастай болғанын ұмыт қалдырады. Философия мен дін адам тіршілігінің ең түбегейлі, ең басты, ең терең сауалдарын қозғайды: Біз бұл дүниеге не үшін келдік? Өмірдің мәні не? Біз бір-бірімізге қалай қарауымыз қажет? Әрі бұл екеуі де билеуші күштер мен дәстүрлі ойлау салтына жиі күмән тудырып отырды. Мұның жарқын бір мысалы ретінде Мартин Лютер Кингті атасақ болады. Кинг діндар баптистік шіркеу қызметшісі болған, алайда, ол философиялық сыни көзқарасты моральдық прогресс үшін аса қажетті санады. Кинг Исаның кедейлік, төзімділік және махаббат туралы ілімінен шабыт алды. Сонымен бірге, Кинг Сократтың үлгісін өте жоғары бағалады. Философиялық этиканың атеистік немесе діни сенімге қарама-қарсы болуы міндетті емес. Мұнда есімдері аталған философтар – Сократ, Локк және Кант – теистік сенімнің түрлі тармақтарының ұстанушылары болып қала береді.

Дін осы еңбекте кейіннен ортаға салынатын, атап айтсақ, біржынысты некелер, эвтаназия, түсік жасату, әйелдер мәртебесі, өлім жазасы сияқты көптеген қолданбалы этикалық тақырыптардың басты нысаны болып саналады. Мұндай мәселелерге қатысты діни көзқарастарды «либералды» немесе «консервативті» деп жіктей салу оңайға соқпайды. Дін дегеніміз – біртұтас, бір деңгейдегі ғана нәрсе емес. Сан алуан секталар мен конфессиялар, сондай-ақ, осы секталар мен конфессияларға өздерін тиесілі санайтын көптеген діндар адамдар бар. Бұл бізге діни еркіндіктің маңыздылығын еске салады. Философиялық ізденіс еркіндігімен қатар жүретін діни еркіндік діни, саяси және моральдық мәселелер бойынша өзара келісе бермейтін сан түрлі адамдар қатарын қамтитын әлемде ерекше маңызды.

Енді біз этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы арасындағы байланысты қарастырайық.

Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Көптеген адамдардың этикалық немесе моральдық көзқарастары олардың діндерінен бастау алады. Діндердің басқа да элементтері болғанымен, олардың көбісі моральдық іс-әрекеттің анық немесе анық емес талаптарын немесе идеалдарын атап көрсетеді. Кей жағдайларда олар нақты ережелер мен бұйрықтарды қамтиды: мысалы, «Әкең мен анаңды құрмет тұт» және «Біреудің өміріне қол салма» деген сияқты. Кейбір діндер біз ұқсап-бағуға тырысуымыз тиісті адамгершіліктің үлгісі мен өнегесі боларлық әулиелер немесе киелі адамдарға бойсұнып, табынады. Әрі діндердің көбісі моральдық заңның табиғаты мен мазмұны туралы ішкі пікірталастар мен түсіндірмелердің ұзақ тарихын баяндайды.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Дегенмен, қазіргі философтардың көпшілігі этиканың діни негіздемесі болуы міндетті емес деп санайды. Философиялық этика ненің жақсы, ненің жаман, ненің дұрыс, ненің бұрыс, жақсырақ немесе нашарлау екенін анықтау үшін киелі кітаптарға немесе діни уаһилерге жүгінудің орнына, бұл мәселелерді ақылға салады. Шын мәнінде, моралдық түсінігі дінге негізделген адамдардың өзі көзқарастарының кейбірін ақыл-парасаттың елегіне салып, зерттеп көргісі келуі мүмкін. Олар ішкі дәйектілік пен келісім үшін өздерінің діни принциптерінің немесе қағидаларының түрлі түсіндірмелерін тексеріп көргісі келетін болар. Немесе олар өздерінің діни моралінің құрамдастары – мысалы, оның кейбір ережелері – ненің дұрыс және бұрыс екендігіне байланысты басқа адамдардың түрлі көзқарас ұстанатынын және қазіргі күннің проблемалары бұрынғы кездердің проблемаларынан өзгеше болуы мүмкін екенін ескере келе, ненің жақсы немесе орынды екендігін анықтап алғысы келуі ықтимал.

Егер дұрыс пен бұрыс тек діни сенімге ғана негізделетін болса, онда Құдайға сенбейтіндер моральдық ұстанымнан жүрдай немесе заңды моральдық аргументтерді келтіруге қабілетсіз болар еді ғой. Алайда, Құдайға сенетіндердің өзі сенімі жоқ адамдармен сындарлы диалог жүргізіп, олардың уәжіне баға беруге қабілетті болуды қалауы тиіс. Іс жүзінде діни сенім иелерінің өздері де жүйелі түрде тек діни ұстанымдарына ғана емес, өздерінің ақыл-парасаты мен ой-пікіріне негізделген моральдық пайым жасап жатады.

Діни мораль жүйесі туралы әрі қарайғы ойлану да оған қатысты көп сұрақ тудырады. Көптеген діни моральдық принциптердің басты элементі – кей нәрселердің біз үшін жақсы болуы Құдайдың қалауымен болады деген түсінік. Бұл тұжырымдама, көбіне, Құдай бұйрығы теориясы деп аталады. Мұндағы идея мынадай: белгілі бір іс-әрекеттер дұрыс, себебі олар – Құдайдың біз үшін қалаған нәрсесі. Сіздерге ұсынылып отырған кітаптың екінші тарауының аяғында келтірілген Платонның «Евтифрон» атты диалогы осы көзқарасты саралайды.

Бұл диалогта Сократ кей нәрселер құдайлардың мақұлдауына байланысты жақсы ма, әлде құдайлар оларды жақсы болғандықтан мақұлдай ма деген сұрақты көтереді. Егер белгілі бір іс-әрекеттер тек құдайлардың немесе Құдайдың қалауына немесе мақұлдауына байланысты ғана жақсы дейтін болсақ, бұл моральды қисынсыз/еріксіз етер еді. Құдай кез-келген нәрсені, мысалы, жалған сөйлеу немесе сатқындықты жақсы деп бұйыруы мүмкін. Жалған сөйлеу мен сатқындық – жаман нәрселер, сол себепті құдайлар немесе Құдай оларды айыпты санайды немесе құп көрмейді, сондықтан біз де оларды жасамауымыз тиіс деп айту біршама қисынды көрінеді. Осындай көзқарастан шығатын қорытындылардың бірі: моральдың белгілі бір тәуелділігі бар; егер бұл расымен де солай болатын болса, біз белгілі бір іс-әрекеттердің дұрыс немесе бұрыс болуы өздігінен бе, әлде оның нақты бір себебі бар ма деген сұрақты анықтауға қабілетті болуымыз қажет.

Әйткенмен, бұл аргумент дін мотивацияның немесе шабыттанудың моральды болуын қамтамасыз ете алмайды дегенді білдірмейді. Көп адамдар, егер өмірдің жоғары және ең кемел болмыс иесіне қатысты мәңгі бір мәні болатын болса, онда біз өмір мен моральға барынша салмақты қарауымыз тиіс деп сенеді. Бұл діни адамдардың ізгілікті болуының немесе мораль тұрғысынан дұрыс нәрсе жасауының жалғыз себебі – олар осы өмірден тыс, басқа өмірде бір сыйға бөленетіндігінде деген сөз емес. Мұны моральға нұқсан келтіретін ұстаным ретінде қарастыруға болады, себебі, оған салсақ, жақсы болуымыздың жалғыз шарты – бізді «сатып алу» ғана ғой. Керісінше, егер бірдеңе моральдық тұрғыда дұрыс болса, мұның өзі жеткілікті себеп болуы тиіс. Демек, жақсы және ұяты бар адам дұрыс әрекет жасағанды қалау үшін әрекеттің дұрыс болғанының өзі жеткілікті.

Әйткенмен, адамның моральдық өмір туралы ойларындағы айтарлықтай рөлді, көбіне, өмірдің мәні туралы сұрақтар ойнайды. Кейбір адамдар, тіпті, атеистердің адамгершілікті болуына немесе моральдық тұрғыда дұрыс әрекет ету үшін сақ болып жүруіне ешқандай себеп жоқ деп ойлауы мүмкін. Әдетте, бұл міндетті емес. Мысалы, діндар адам осы өмірді өткінші және арғы жақтағы өмірмен салыстырғанда маңызды емес деп ойлайтын болса, ол бұл өмірде орын алып жатқан нәрселердің моральдық жағына мән бермеуге бейім болуы мүмкін. Ал «барым - осы өмір» деп сенетін атеист, бұл өмірге әлдеқайда салмақты қарап, өмірдің ізгілікті болуына көбірек мән беруі де әбден мүмкін. Оған қоса, діни және діни емес адамдар қазіргі қоғамда бірге өмір сүріп, мораль турасында айқын және ақылға қонымды ойлауға қажетті практикалық себептерді сезінеді.

Бәріміздің де моральды пайымдау дағдыларымызды дамытуға ұмтылуымыздың, кем дегенде, үш себебі бар. Біріншіден, біз өзіміздің және басқалардың жақсы және жаман немесе әділетті және әділетсіз деп санайтын көзқарастарымызды, соның ішінде діни көзқарастарды сыни бағалауға қабілетті болуымыз тиіс. Екіншіден, түрлі конфессиялардың сенушілері де, сенбейтіндер де моральдық сұрақтарды бірге



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

талқылау мүмкіндігіне ие болуы керек. Үшіншіден, біздің көбіміз ұйымдастырылған зайырлы қоғамдарда, қалаларда, мемлекеттерде, елдерде тұратындығымыз әділдік, риясыздық және моральдық идеалдар сұрақтарына келгенде көпшілік келісетін, ақылға қонымды көзқарастарға жүгініп, арқа сүйеуімізді талап етеді. Бұл, әсіресе, ешқандай мемлекеттік дін міндеттемейтін және адам өзі таңдаған дінді ұстануға ерікті немесе мүлде ешқандай дінге сенбеуге құқылы болатын шіркеу мен мемлекеттің арасы ажыратылған саяси қоғамдар үшін өзекті мәселе. Бұл жағдайда моральдық мәселелерді шешудің діни емес амалдарын қолдана білу маңызды. Бұл – философиялық этика мақсаттарының бірі.

Орыс жазушысы Федор Достоевский Құдай бұйрығы этикасын қорғауда жиі қолданылатын бір аргументті ұсынды. Достоевский шығармаларында «Егер Құдай өлген болса, демек, бәрі рұқсат» деген сияқты көптің аузында жүрген, танымал сөздер бар.

Федор Михайлович Достоевский (1821-1881 жж.) – орыс жазушысы, ойшыл, философ және публицист.



Бұл, егер Құдай болмаса, ешқандай мораль болмас еді деген күдік тудырады. Мұнда екі проблема бар: бірі дінді моральдың бастау ретінде қарастырса, екіншісі – дінді моральдың мотивациясы санайды. Біріншісіне сай, моральдың бастауы ретінде Құдай жоқ болса, моральдың немесе ізгіліктің мәңгі, абсолютті немесе объективті негізі болмас еді. Бірінші жағдайды біз релятивизмді, яғни, мәңгі, абсолютті немесе объективті құндылықтар жоқ деген тұжырымды алда қарастыратын дәрістерде жан-жақты ортаға салатын боламыз. Теистер, көбіне, моральдық заңның бастауы – Құдай, ал моральдық заң тікелей Құдайдан уаһи түрінде қабыл алатын Мұса сияқты пайғамбар арқылы беріледі деп санайды. Кейбір теистер моральдың пайғамбардан өсиет болып келетінін жоққа шығарсақ, біз қандай да бір объективті моральдық принциптерсіз қаламыз деп қорқады. Бұл кітаптың бірінші жартысының басым бөлігі осы сынды айналып өтетін құндылықтарды сипаттауға арналады; біз зерделейтін этикалық теориялар этикалық принциптерді Құдайға сілтеме жасамай, себептерін нақтылап, түсіндіруді мақсат тұтады.

Екінші мәселе – арғы өмірде жаза мен сый беретін Құдайдың соты болмаса, этиканы ұстанудың мотивациясы да болмас еді деген ұстаным. Осы ұстанымға жүгіне отырып, Кант Құдай мен мәңгі өмірді мораль үшін қажетті дүниелер ретінде негіз етіп алды, яғни, біз, ең болмағанда, моральдық іс-әрекеттер үшін арғы өмірде сый берілетініне, ал аморальдық іс-әрекеттер үшін жазаланатынына үмітіміз болуы тиіс. Осыған жауап ретінде атеистер мынадай уәж келтіруі мүмкін: адамның әлеуметтік өмірінің талаптары, сыйлары мен жазалары этикалық өмір сүру үшін қажетті мотивацияны қамтамасыз етуге жеткілікті. Мотивация мәселесін сіздер осы оқулықтың эгоизмге арналған 4-ші тарауынан көбірек біле аласыз. Бұл тарауда біз Платонның Гиг - адамды өлтіргені үшін жазадан құтылып кете алатын кісі туралы әңгімесі қарастырылады. Егер сіз ұсталып қалам-ау деп қорықпай, қолыңыздан келетін нәрсенің бәрін істей алатын болсаңыз, моральға кереғар әрекеттер жасар ма едіңіз? Әлде сіз әрекеттерімізді бақылап, оларға сай бізді жазалайтын немесе сый беретін Құдай туралы бір идея қажет деп ойлайсыз ба? Ойланып көріңізші. Бұл расымен де терең сұрақ емес пе?!

Құдай бұйрығы этикасын қорғаушылар үшін ең маңызды проблемалардың бірі – діни әралуандық мәселесі. Тіпті біз Достоевскиймен келісіп, Құдай этика үшін керек десек те, адамзат баласына мораль туралы дұрыс ілімді қай Құдай немесе діни тарих ұсына алатынын анықтап алу қажет. Шын мәнінде, этика дінге негізделеді деген тұжырым бізге аса көмектеспейді, себебі біз қай діннің дұрыс екенін анықтауға мәжбүр боламыз. Әлемдегі діндердің айтқысыз әралуандығын ескерсек, Құдай бұйрығы ұстанымы түрлі діндердің ақиқаттылығын жан-жақты зерттемесек, аса пайдалы емес екені оңай байқалады.


Әралуандық проблемасы тіпті нақты діни дәстүрлердің аясында да бар. Бұл проблема Сократ пен Платон заманында да өзекті болған.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева



Платон (б.з.д. 429 және 427 жж.) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, Аристотельдің ұстазы.

Платон бізден грек діни оқиғаларының қай нұсқалары дұрыс немесе тиісті екенін қарастыруды сұрайды. Бұл қазіргі діндерге де қатысты мәселе. Біз тек қай діннің дұрыс екендігін ғана емес, осы діннің қай нұсқасы дұрыс екенін де анықтауымыз қажет. Мысалы, қараңыз, христиан дінінің бірқатар конфессиялары бар: Шығыс православиесі немесе ортодоксі, римдік католиктік және протестанттық, соның ішінде олар меннониттер мен квейкерлерден бастап, методистерге, пресвитериандықтар мен баптистерге дейінгі топтардың үлкен ауқымын қамтиды. Осындай әралуандықты исламнан, иудаизмнен және Оңтүстік Азиядан келген діни дәстүрлерден де көруге болады. Этика Құдайдан берілген деп ойлағанның өзінде Құдай бұйрықтарының қайсысы дұрыс екенін қалай шешсек болады? Философиялық ұстаным бізге әлемдік дәни дәстүрлердің бірін таңдап алу үшін ақыл-парасатымыз бен тәжірибемізді, әсіресе, этиканы өзіміздің адами түсінуімізді қолдануымыз тиіс екенін еске салады.

Осы жерде біз плюрализм мен Алтын Ереже мәселесіне келеміз.

Плюрализм мен Алтын Ереже

Әралуандық мәселесін шешу амалдарының бірі - әлемдік мәдени және діни дәстүрлер арасындағы ұқсас тұстарды іздеу. Осы жалпылама идея діни плюрализм атауымен танымал. Осыған ұқсас біршама тиянақты философиялық көзқарас, көбіне, құндылықтар плюрализмі деп аталады, оған сай, әлемде басқа бір ізгілікке әкеліп түйістіруге болмайтын көптеген өзара қарама-қайшы ізгіліктер бар. Дінге қатысты плюралистер жиі аргументтің басқа бір түрін келтіріп жатады. Джон Хик сияқты діни плюралистер әлемдік діни дәстүрлер арасында ортақ бір негіз бар деп сендіреді. Ислам ақыны Румидің сөзін келтіретін Хиктің айтуынша: «шырақтар көп, бірақ жарық – біреу ғана». Меніңше, әдемі айтылған сөз сияқты.

Әдетте, діндер арасындағы осы ортақ негізге үміткер – Алтын ережеге ұқсас ұғым. Ол былай: «Өзіне істегенді қаламайтын нәрсені басқаларға жасама» немесе «өзіне басқалардың қалай қарағанын қаласан, басқаларға да өзің солай қара». Көпшіліктің сенуінше, әлемдік діни және мәдени жүйелердің әрбірі осы Алтын ережеге ұқсас бір түсінікті қамтитын көрінеді. Джон Хиктің айтуынша, «барлық ұлы дәстүрлер Алтын ереженің үлгісі болған ауқымы кең игі ерік, махаббат, рақымдылықтың моральдық идеалын өнеге етеді». Тибет буддизмінің көшбасшысы, Далай Лама мұны былайша түсіндіреді: «Философиялық айырмашылықтарына қарамастан, дейді Далай Лама, барлық алуан түрлі діни наным-сенімдердің мақсаты бір. Әрбір дін адамның кемелденуіне, махаббатқа, басқаларды құрметтеуге, адамдардың азабын бөлісуге баса мән береді. Бұл тұрғыда әрбір діннің көзқарасы біршама ұқсас, әрі мақсаты да бірдей». Осы тараудың соңында келтірілетін Гандидің ілімі де осыған ұқсас ұстанымды көздейді. Діни плюралистік идея тату және оптимистік; ол әлемдік діни дәстүрлерді этикалық негіздің төңірегінде бітістіруге болады деген сенімді ұстанады. Расында да, осындай бітімге келудің бір дәлелі - діни әралуандық пен плюрализмді мақсат тұтатын конфессияаралық ұйымдардың бар болуы. Мұның бір мысалы – Әлемдік діндер Парламенті, бұл топ әлемдік діндер арасында бейбіт және үйлесімді қарым-қатынастарды құрумен айналысады.

Өкінішке орай, осы үміттендіретін бітістіру: дін арасындағы өте терең айырмашылықтары, әлемнің кейбір діни дәстүрлеріндегі анық аморальдық элементтердің болуы, діни конфликтер жағдайы және метафизикалық мәселелер бойынша біздің терең пікірталастарымыздың моральдық маңыздылығы сияқты көп нәрсеге мән бермеуі тиіс. Дінтанушы Стивен Протеронің пайымдауынша, барлық діндер түбегейлі ұқсас деген идея – «бұл тамаша сезім, бірақ ол өте қауіпті, көпшілік келісе қоймайтын және мүмкін емес идея».

Мысалы, табиғи тәртіп, әділдік, ар-ұят пен үйлесім заңдарына қатысты күрделі бір ұғымды білдіретін дхарма деген индуистік идеяны қарастырып көрелік. Дхарма идеясы дәстүрлі үнділік каста жүйесімен байланысты. Ендігі жерде Үндістандағы тағдыр мен каста идеялары мен ортағасырлық христиандық табиғи құқық пен болмыстың ұлы тізбегі туралы идея арасында өзара үндестік бар. Бірақ бұл идеялар



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Дін, азаматтық өмір және азаматтық бағынбаушылық. Этика, дін және Құдай бұйрығы теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

арасындағы айырмашылықтар, ұқсастықтардан ешбір кем түспейтін маңызға ие. Индуистік этиканың акырғы мақсаты – өзін-өзі танытудың қандай да бір формасы мен Брахманның мәңгі рухымен байланысуға қолжеткізу. Бұл христиан дініндегі Құдаймен бірігуде іске асатын өзіндік бір ақиқатты тану мен шаттыққа немесе әулиелікке ұқсас болып көрінуі мүмкін, бірақ мұндағы айырмашылықтар да айтарлықтай маңызды.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Immanuel Kant, “An Answer to the Question: ‘What Is Enlightenment?’” in Kant: Political Writings (Cambridge: Cambridge University Press, 1991).
2. John Hick, *An Interpretation of Religion: Human Responses to the Transcendent*, 2nd ed. (New Haven, CT: Yale University Press, 2005).
3. Dalai Lama, *Kindness, Clarity, and Insight* (Ithaca, NY: Snow Lion Publications, 2006).
4. Stephen Prothero, *God Is Not One: The Eight Rival Religions That Run the World—And Why Their Differences Matter* (New York: HarperCollins, 2010).
5. Sam Harris, *Free Will* (New York: Free Press, 2012).
6. Craig Calhoun, Mark Juergensmeyer, and Jonathan VanAntwerpen, *Rethinking Secularism* (New York: Oxford University Press, 2011).
7. Paul Kurtz, “Neo-Humanist Statement of Secular Principles and Values,” <http://paulkurtz.net/>
8. Jürgen Habermas, “Struggles for Recognition in the Democratic Constitutional State,” in *Multiculturalism: Examining the Politics of Recognition*, ed. Amy Gutmann (Princeton, NJ: Princeton University Press, 1994).
9. José Casanova, “Public Religions Revisited,” in *Religion: Beyond a Concept*, ed. Hent de Vries (New York: Fordham University Press, 2007).
10. Enrique Dussel, *Beyond Philosophy: Ethics, History, Marxism, and Liberation Theology* (Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2003).